

"АгроОнеркесіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 441 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 15 қарашада № 17742 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "АгроОнеркесіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12183 болып тіркелген, 2015 жылғы 17 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген АгроОнеркесіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Инвестициялық саясат департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бағылау банкіне енгізу үшін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жариаланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

Ә. Шөкеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ "

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

орынбасары –

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

2018 жылғы 30 қазандығы

№ 441 бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

2015 жылғы 30 қаңтардағы

№ 9-1/71 бұйрығымен

бекітілген

АгроОнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы АгроОнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және қарыздарды кепілдендіру мен сақтандыру кезінде агроОнеркәсіптік кешен субъектілеріне (бұдан әрі – АӨК субъектілері) мемлекеттік қолдау көрсетудің тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен айқындағылар пайдаланылады:

1) жеке шот – субсидиялауға арналған өтінімдерді тіркеу және олар бойынша операцияларды есепке алу мақсатында тіркелген тұлғаны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін, тізілімдегі жазбалар жиынтығы;

2) жеке кабинет – пайдаланушының (қарыз алушының, кепілгердің /сақтандыру үйымының, жұмыс органының) тізілімдегі дербес веб-парағы;

3) кепілгер – банктік қызметті жүзеге асыру құқығына тиісті лицензиясы бар қаржы институттары, екінші деңгейдегі банктер, сондай-ақ даму институттары;

4) кепілдендіру/сақтандыру шарты – осы Қағидалардың шарттарында қарыз алушы, кредит беруші мен кепілгер/сақтандыру үйымы арасында жасалатын үшжақты жазбаша келісім;

5) кепілдік бойынша комиссия/сақтандыру сыйлықақысы – талап ету құқығы туындаған кезде кредит берушіге кредиттің кепілдендірілген/сақтандырылған бөлігін төлеуді жүргізу міндеттемелерін алғаны үшін төлемдер түрінде кепілгерге/сақтандыру үйымына қарыз алушы төлейтін ақша қаражатының сомасы;

6) кепілдік бойынша комиссияның бір бөлігін субсидиялау – кредиттің немесе лизингтің бір бөлігін қарыз алушының қайтармау тәуекелін қамтамасыз ететін, кепілгерге комиссияның бір бөлігін жыл сайын өтеуге бағытталған мемлекеттік қолдаудың нысаны;

7) кепілдік бойынша төлем/сақтандыру төлемі – кепілгер/сақтандыру үйымы талап ету құқығы туындаған кезде кепілдік сомасы/сақтандыру көлемі шегінде кредит берушіге төлейтін ақша қаражатының сомасы;

8) кепілдік көлемі/сақтандыру сомасы – оған кепілдік берілген немесе талап ету құқығы туындаған кезде кепілгердің/сақтандыру үйымының кредит беруші алдындағы жауапкершілігінің шекті көлемі болып табылатын қарыздың бір бөлігі сақтандырылған ақша сомасы;

9) көрсетілетін қызметтерді жеткізуі – мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамаға сәйкес жұмыс органы айқындастын, субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжеткізуді және оны сүйемелдеуді қамтамасыз ететін тұлға;

10) кредит беруші – екінші деңгейдегі банктер, банктік операцияларды жүзеге асыру құқығына тиісті лицензиясы бар агроОнеркәсптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес үйымдары, сондай-ақ агроОнеркәсптік кешен саласындағы лизингтік компаниялар, кредиттік серіктестіктер мен микроқаржы үйымдары;

11) қарыз алушы – қаржы институтымен қарыз шартын жасасқан жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ дара кәсіпкер (оның ішінде шаруа (фермер) қожалығы);

12) қарыз шарты – кредит беруші мен қарыз алушы арасында жасалатын, оның талаптары бойынша кредит беруші кредит/лизинг ұсынатын агроОнеркәсптік кешен саласындағы қарыз шарты, сондай-ақ ислам қағидаттарындағы қаржыландыру шарты;

13) сақтандыру сыйақысының бір бөлігін субсидиялау – кредиттің бір бөлігін қарыз алушының қайтармау тәуекелін қамтамасыз ететін, сақтандыру ұйымдарына сақтандыру сыйақысының бір бөлігін бір реттік өтеуге бағытталған мемлекеттік қолдау нысаны;

14) сақтандыру ұйымы – тиісті уәкілетті орган лицензиясының негізінде сақтандыру шартын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

15) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі – субсидиялау процестерін орындау бойынша қызметтерді көрсетуге арналған, "электрондық үкімет" веб-порталымен өзара іс-қимыл жасауға, субсидиялар алуға арналған өтінімді тіркеуге, сондай-ақ өтінімді (өтпелі өтінімді) субсидиялау шарттарына сәйкестігіне автоматты тексеру арқылы оны өндөуге мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып, ретке келтірілген жиынтығы;

16) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – Интернет желісінде орналастырылған, субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділік беретін интернет-ресурс;

17) субсидия қаражатын бөлу жөніндегі жұмыс органды (бұдан әрі – жұмыс органды) – облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдіктерінің ауыл шаруашылығы саласындағы жергілікті атқарушы органды;

18) субсидиялау шарты – жұмыс органды, қарыз алушы мен кепілгер/сақтандыру ұйымы арасында жасалатын, субсидиялар аудару тәртібі мен шарттарын, тараптардың жауапкершілігін көздейтін, электрондық цифрлық қолтаңбаларды қолдана отырып, электрондық түрде жасалған жазбаша келісім;

19) субсидиялауға арналған өтінім – жасалған субсидиялау шартына сәйкес кепілдік бойынша комиссияның бір бөлігін немесе сақтандыру сыйақысының бір бөлігін өтеу үшін субсидиялар қаражатын төлеуге арналған кепілгердің/сақтандыру ұйымының электрондық цифрлық қолтаңбалар қойылған электрондық өтінімі;

20) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – субсидиялауға арналған өтінімдер туралы, қарыз алушылар, кредит берушілер туралы мәліметтер жиынтығы және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде көрсетілген өзге де мәліметтер;

21) талап ету құқығы – оның туындауымен кепілдендіру/сақтандыру шарты кепілдік бойынша төлемді/сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

22) ұсыныс – электрондық цифрлық қолтаңбалар қойылған, қарыз алушы мен кепілгердің/сақтандыру ұйымының субсидиялау шартын жасасуға арналған бірлескен электрондық ұсынысы;

23) "электрондық үкімет" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда

көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополия субъектілерінің желілеріне қосылуға техникалық шарттар беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

24) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиістілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын, ұлттық куәландыру орталығы берген электрондық цифрлық символдар жинағы.

3. Кепілдік бойынша комиссияның бір бөлігін субсидиялау мынадай талаптарға сәйкес келетін қарыз шарты бойынша жүзеге асырылады:

1) сыйақы мөлшерлемесі немесе ислам қағидаттарында қаржыландыруға қолданылатын кірістілік мөлшерлемесі теңгемен жылдық 17 (он жеті) %-дан артық емес мөлшерде;

2) негізгі борышын тең үлестермен жыл сайын төлеу;

3) ең жоғары сомасы 100 (жұз) миллион теңгеден артық емес;

4) нысаналы мақсаты негізгі құралдарды сатып алу, құрылым, айналым қаражатын толықтыру, ауыл шаруашылығы жануарларын, техника мен технологиялық жабдықты сатып алу болып табылады.

4. Кепілдіктердің жыл сайынғы көлемі қарыз шарты бойынша негізгі берешек/негізгі берешек бойынша қалдық сомасының 30 (отыз) %-ынан артық болмауы тиіс.

5. Субсидиялау кепілдік бойынша комиссия құнының 50 (елу) %-ы мөлшерінде жүзеге асырылады, бірақ кепілдік көлемінің 2,5 (екі бүтін оннан бес) %-нан артық емес.

6. Субсидиялау кепілдендіру шартының бүкіл қолданылу мерзіміне жүзеге асырылады. Кепілдендіру шартының талаптары өзгерген жағдайда бұрын мақұлданған және жылдар бойынша есептелген субсидиялар сомасы артпайды, субсидиялау мерзімі ұзартылмайды.

7. Кепілдік бойынша комиссияның бір бөлігін субсидиялау келесі жылдары кепілдендіру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін негізгі берешектің қалдығына жыл сайын 31 наурызға дейін жүргізіледі.

8. Кепілгерден қарыздың кепілдендірілген бөлігін өтеу бойынша кредит берушінің талап ету құқығы қарыз алушы қарыз шарты бойынша міндеттемелерін орындаған кезде, кредит беруші қарызды өндіріп алу бойынша барлық іс-шараларды жүргізілгеннен кейін басталады.

9. Сақтандыру сыйақысы бойынша комиссияның бір бөлігін субсидиялау мынадай талаптарға сәйкес келетін қарыз шарты бойынша жүзеге асырылады:

1) сыйақы мөлшерлемесі немесе ислам қағидаттарында қаржыландыруға қолданылатын кірістілік мөлшерлемесі теңгемен жылдық 17 (он жеті) %-дан артық емес мөлшерде;

2) ең жоғары сомасы 1,5 миллиард теңгеден артық емес;

3) нысаналы мақсаты негізгі құралдарды сатып алу, құрылыш, айналым қаражатын толықтыру, ауыл шаруашылығы жануарларын, техника мен технологиялық жабдықты сатып алу болып табылады.

10. Сақтандыру сомасы кредит бойынша негізгі берешек сомасының 50 (елу) %-ын артық болмауы тиіс.

11. Сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру сомасының 30 (отыз) %-ынан артық болмауы тиіс, бұл ретте сақтандыру сыйлықақысының 50 (елу) %-дан артық емес бөлігін бір реттік субсидиялау жүзеге асырылады.

12. Кредит берушінің сақтандыру шарты бойынша талап ету құқығы қарызды өтеудің екінші кезегінде басталады. Егер қарыздың өтелмеген/мерзімі өткен бөлігінің мөлшері берілген қарыз сомасының 50 (елу) %-ынан артық болмаса, сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көзdemейді.

13. Егер қарыздың өтелмеген/мерзімі өткен бөлігінің мөлшері берілген қарыз сомасының 50 (елу) %-ынан артық болса, сақтандыру ұйымы берілген қарыздың 50 (елу) %-ы мен өтелмеген/мерзімі өткен бөлік мөлшері арасындағы айырмашылықтан аспайтын мөлшерде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

14. Субсидиялау шарты кепілдендіру/сақтандыру шартының мерзімі аяқталғанға дейін бұзылған жағдайда субсидиялау шартын қайта жасасуға жол берілмейді.

15. Ұсыныс берілгенге дейін 30 (отыз) жұмыс күнінен ерте жасалған кепілдендіру/сақтандыру шарттары субсидиялауға жатпайды.

2-тaraу. Субсидиялар алу шарттары

16. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) кепілгердің/сақтандыру ұйымының осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы субсидиялауға арналған өтінім беруі.

"Электрондық үкімет" все-порталы мен субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің ақпараттық өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

2) субсидиялауға арналған өтінімді субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркеу;

3) қарыз алушыда және кепілгерде/сақтандыру ұйымында деректері субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің "Занды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерек қорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде жеке шоттарының болуы;

4) берілген өтінім бойынша осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған, ЭЦК қойылған, қолданыстағы (бұзылмаған және тоқтатылмаған) агронеркесіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шенберінде субсидиялау шартының болуы.

3-тарау. Субсидиялар төлеу тәртібі

17. Субсидиялау мынадай процестерді қамтиды:

- 1) ұсыныс қабылдау;
- 2) субсидиялау шартын жасасу;
- 3) қарыз алушыны субсидиялау кестесін қалыптастыру;
- 4) субсидиялауға арналған өтінім беру;
- 5) субсидияларды төлеу;
- 6) субсидиялау шартын өзгерту;
- 7) субсидиялау шартын тоқтату.

18. Ұсыныстарды қабылдау осы Қағидаларға 3-қосымшага сәйкес нысан бойынша "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы тиісті жылдың 1 ақпанынан бастап жүзеге асырылады.

19. Ұсынысты қарыз алушы береді және ол кепілгердің/сақтандыру ұйымының ЭЦҚ-сымен расталады.

20. Жұмыс органы ұсынысты алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде веб- порталда мынадай іс-қимылдарды:

1) ұсынысты субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркеуді;

2) ұсыныстың осы Қағидаларда белгіленген субсидиялау шарттарына сәйкестігін тексеруді, оның ішінде кепілдендіру/сақтандыру шарты талаптарының осы Қағидаларға 4-қосымшада белгіленген осындай шарттарға қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеруді;

3) ұсыныс бойынша шешімді қабылдау мен ресімдеуді жүзеге асырады.

Қарыз алушы мен кепілгерге/сақтандыру ұйымына қабылданған шешім туралы автоматты хабарлама жолданады.

21. Субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде жеке шотының болуы қарыз алушыға және кепілгерге/сақтандыру ұйымына субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне өтінімді тіркеуді өз бетінше жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл жағдайда өтінім беру талап етілмейді және ол осылай тіркелген сәттен бастап берілген болып саналады.

22. Жұмыс органының шешіміне жұмыс органының бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның ЭЦҚ-сы қойылады.

23. Жұмыс органы жыл сайын 20 қантарға дейін көрсетілетін қызметтерді берушіге ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзекті етілген тізімдерін жолдайды.

24. Субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде жеке шоттар ашу үшін қарыз алушыда және кепілгерде/сақтандыру ұйымында ЭЦҚ болуы тиіс.

25. Субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділік Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне тұрақты түрде онлайн режимінде өтеусіз негізде беріледі.

26. Қарыз алушы және кепілгер/сақтандыру үйымы жеке шоттар ашқан кезде тіркелу үшін мынадай мәліметтерді көрсетеді:

- 1) жеке тұлғалар және дара кәсіпкерлер үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), аты, әкесінің аты (бар болса), тегі;
- 2) заңды тұлғалар және бірлескен кәсіпкерлік нысанындағы дара кәсіпкерлер үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), толық атауы; бірінші басшысының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және ЖСН;
- 3) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық поча мекенжайы);
- 4) екінші деңгейдегі банктің ағымдағы шотының деректемелері.

27. Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қарыз алушы және кепілгер/сақтандыру үйымы Жеке кабинетке енгізілген жеке шот деректерін бір жұмыс күні ішінде өзертеді.

28. Ұсыныс бойынша жұмыс органының шешімі:

- 1) кепілгердің/сақтандыру үйымының атауын және орналасқан жерін;
- 2) оның өтінімі бойынша субсидиялау шартын жасасу/жасасудан бас тарту туралы шешім қабылданған қарыз алушының атауы мен орналасқан жерін және, бас тартылған жағдайда, осындай бас тарту себептерінің тізбесін;
- 3) кредит (қарыз) сомасын;
- 4) сыйақы мөлшерлемесін;
- 5) кредит беру мерзімін;
- 6) кредиттің нысаналы мақсатын;
- 7) кепілдік/сақтандыру сомасы көлемін;
- 8) кепілдендіру/сақтандыру мерзімін;
- 9) субсидиялау мерзімін;
- 10) ағымдағы жылы төлеуге жататын субсидиялау сомасын қамтуға тиіс.

29. Субсидиялау шарты жұмыс органы шешімінің негізінде кепілгер/сақтандыру үйымы ұсыныс бойынша оң шешім туралы жұмыс органының хабарламасын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарыз алушы, кепілгер/сақтандыру үйымы және жұмыс органы арасында веб-порталда электрондық нысанда жасалады.

30. Қарыз алушы, кепілгер/сақтандыру үйымы немесе жұмыс органы жұмыс органының шешім қабылдаған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде субсидиялау шартына қол қоймаған жағдайда жұмыс органының бұрын қабылданған шешімі жойылады. Қайталама ұсынысты қалыптастыру осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

31. Субсидиялау шарты мынадай жағдайларда оны бұзуды қөздеуі тиіс:

- 1) қарыз алушының немесе кепілгердің/сақтандыру үйымының субсидиялар алудан бас тартуы туралы жазбаша өтініші;

2) қарыз алушының қарыз шарты бойынша кредит беруші алдындағы міндеттемелерін толық өтеуі;

3) қарыз алушының комиссияның/сақтандыру сыйлықақысының субсидияланбайтын бөлігін өтеу бойынша кепілгер/сақтандыру ұйымы алдындағы міндеттемелерін орындамауы;

4) кепілдендіру/сақтандыру шартын бұзу немесе тоқтату.

32. Кепілгер/сақтандыру ұйымы субсидиялау шартына қол қойылғаннан кейін 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде веб-порталда кепілгер/сақтандыру ұйымы және жұмыс органы ЭЦҚ қоятын, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарыз алушыны субсидиялау графигін қалыптастырады.

33. Кепілгер/сақтандыру ұйымы 1 ақпаннан бастап веб-порталда ЭЦҚ-мен субсидиялауға арналған өтінімді қалыптастырады.

34. Жұмыс органы субсидиялауға арналған өтінімді алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде:

1) ЭЦҚ пайдалана отырып, қол қою жолымен субсидиялауға арналған өтінімнің қабылданғанын растайды;

2) субсидиялауға арналған өтінімді тіркеу нәтижелері бойынша субсидияларды кепілгердің/сақтандыру ұйымының шотына аудару үшін "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидиялар төлеуге арналған төлем тапсырмасын субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде қалыптастырады.

35. Субсидиялар көлемі Қаржыландыру жоспарында тиісті айға көзделген бюджет қаражатының көлемінен артық болатын субсидиялауға арналған өтінімдер бойынша субсидияларды төлеу өтінім берілген сәттен бастап кезек тәртібімен келесі айда жүзеге асырылады.

36. Егер, жұмыс органы төлем тапсырмаларын қалыптастырған сәтке дейін тіркелген өтінімде деректер сәйкесіздігінің бар екені анықталса, кепілгер/сақтандыру ұйымы кері қайтару себебін көрсете отырып, өтінімді кері қайтарып алады.

37. Қарыз алушыға субсидия беруден бас тарту "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 19-1-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

38. Кепілгер/сақтандыру ұйымы субсидиялау шартын өзгерту/бұзу үшін негіз болып табылатын оқиға болған кезде 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұмыс органының осындай оқиға туралы субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде хабардар етеді.

39. Жұмыс органы кепілгерден/сақтандыру ұйымынан хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде субсидиялау шартын өзгертуге/бұзуға шешім қабылдан, ресімдейді және бұл туралы қарыз алушыны және кепілгерді/сақтандыру ұйымын қабылданған шешімнің көшірмесін қоса беріп, субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде хабардар етеді.

40. Кепілгер/сақтандыру ұйымы субсидиялау шарты өзгертілгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде веб-порталда кепілгер/сақтандыру ұйымы және жұмыс органы ЭЦҚ қоятын қарыз алушыны субсидиялау графигіне өзгерістер қалыптастырады.

41. Жұмыс органының тиісті шешімі туралы хабарламаны қарыз алушы және кепілгер/сақтандыру ұйымы алған күннен бастап субсидиялау шарты бұзылды деп саналады.

АгроОнеркәсіптік кешен
субъектілерінің қарыздарын
кепілдендіру мен сақтандыру
шеңберінде субсидиялау

қағидаларына

1-косымша

Нысан

_____ облысының,
республикалық маңызы бар
қаланың және астананың

басқармасы

Субсидиялауга арналған өтінім

20__ жылғы "___" ____

Осымен, кепілгер/сақтандыру ұйымы _____ "Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалар және астана бюджеттеріне берілетін агроОнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялауга арналған нысаналы ағымдағы трансфертер" тиісті бюджеттік бағдарламасының шеңберінде 20__ жылғы "___" ____ №_____ субсидиялау шартына сәйкес №_____ шотына (шоттың нөмірі көрсетілсін) 20__ жылғы "___" ____ бастап 20__ жылғы "___" ____ дейінгі кезеңге _____ тенге сомасына субсидия төлеуді сұрайды.

Осымен:

1) қарыз шарты қарыздарды кепілдендіруді көздейтін басқа мемлекеттік бағдарламаларға қатыспағаны, қазір және болашақта қатыспайтыны;

2) кепілдендіру/сақтандыру шарты АгроОнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларында белгіленген кепілдендіру/сақтандыру шарттарына қойылатын талаптарға сәйкес келетіні;

3) қаржылық берешегін қайта құрылымдау және жеделдетілген сауықтыру рәсімі жағдайларын қоспағанда, қарыз алушының қызметі ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту, тарату немесе банкротқа ұшырау сатысында тұрмағаны, сондай-ақ қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тоқтатылмағаны;

4) қарыз алушыда қарыз шарты бойынша қаражатты мақсатты пайдаланбай фактілерінің жоқтығы;

5) қарыз алушыда қарыз шарты бойынша негізгі берешекті және/немесе сыйақыны өтеу бойынша мерзімі өткен міндеттемелердің жоқтығы;

6) қарыз алушы кепілдік бойынша комиссияның/сақтандыру сыйлықақысының субсидияланбайтын бөлігін толық көлемде төлегені расталады.

Көл қойған кепілгер/сақтандыру ұйымы:

ЭЦҚ деректері _____

ЭЦҚ қою күні мен уақыты _____

Субсидиялауға арналған өтінімді қабылдау/қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама:

Бас тарту себебі _____

Қабылдаған жұмыс органды:

ЭЦҚ деректері _____

ЭЦҚ қою күні мен уақыты _____

АгроОнеркәсіптік кешен
субъектілерінің қарыздарын
кеңілдендіру мен сақтандыру
шенберінде субсидиялау
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

АгроОнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шенберінде субсидиялау шарты

_____ қаласы 20__ жылғы "___" _____

Бұдан әрі "Жұмыс органды" деп аталатын _____ облысының (қаланың)
басқармасының атынан 20__ жылғы "___" _____

№_____ сенімхаттың негізінде әрекет ететін _____ бір тараптан,
бұдан әрі "Кепілгер/сақтандыру ұйымы" деп аталатын _____ атынан _____
негізінде әрекет ететін _____ екінші тараптан және бұдан әрі
"Қарыз алушы" деп аталатын _____ атынан _____ негізінде
әрекет ететін _____ үшінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар", ал
жеке алғанда "Тарап" деп аталатындар, төмендегілер туралы осы ұсынылған кепілдік
үшін комиссияның/сақтандыру сыйақысының бір бөлігін субсидиялау шартын (бұдан
әрі – шарт) жасасты.

1-тарау. Терминдер мен айқындаамалар

1. Осы шартта АгроОнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шенберінде субсидиялау қағидаларының 2-тармағында көрсетілген ұйымдар пайдаланылады.

2-тaraу. Шарттың нысанасы

2. Осы шарт Кепілгерге/сақтандыру ұйымына қаражат аудару тәртібі мен талаптарын, Кепіл берушінің/сақтандыру ұйымының субсидиялау қаражатын пайдалануын Жұмыс органдының мониторингтеуі талаптарын, Тараптардың жауапкершілігін және өзгеде талаптарды көздейді.

3-тaraу. Шарттың талаптары

3. Осы шарт бойынша Жұмыс органды шартта айқындалатын талаптармен Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарыз алушыларды субсидиялау графигіне (бұдан әрі – субсидиялау графигіне) сәйкес тиісті "Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалар және астана бюджеттеріне берілетін агроОнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шенберінде субсидиялауға арналған нысаналы ағымдағы трансфертер" бюджеттік кіші бағдарламасы бойынша бөлінген ақша сомасы шегінде субсидиялауды жүзеге асыруға міндеттенеді.

4. Кепілгер/сақтандыру ұйымы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялауға арналған өтінімді Жұмыс органдына жолдайды, бұл ретте субсидиялар сомасы субсидиялау графигіне сәйкес айқындалады.

5. Жұмыс органды субсидиялауға арналған өтінімді алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде оның субсидиялау графигіне сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады және тиісті төлем шоттарын қазынашылық органдарына жолдайды.

4-тaraу. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

6. Жұмыс органды:

1) осы шартта белгіленген, Тараптар үшін көзделген міндеттемелерді орындау мерзімдерінің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға және олардың уақтылы орындалуын талап етуге;

2) Кепілгерден/сақтандыру ұйымынан Қарыз алушының өтеу графигіне сәйкес төлемдерді жүзеге асыру бойынша кредит беруші алдындағы міндеттемелерін орындауды барысы туралы құжаттар мен ақпаратты сұратуға;

3) өзінің құқықтарын және өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру үшін Кепілгерден/сақтандыру ұйымынан қажетті ақпаратты, оның ішінде коммерциялық

және банк құпиясы қамтылған мәліметтерді, субсидиялау рәсіміне қатысатын Қарыз алушы туралы құжаттар мен ақпаратты сұратуға және оларды алуға құқылы.

7. Жұмыс органы шартта көзделген мерзімдерде субсидиялардың сомаларын Кепілгердің/сақтандыру үйымының арнайы шотына аударуға міндеттенеді.

8. Қарыз алушы мен Кепілгер/сақтандыру үйымы Қарыз алушыны субсидиялауды тоқтату жағдайын қоспағанда, Жұмыс органынан осы шарттың шенберінде көзделген кепілдік бойынша комиссияның/сақтандыру сыйақысының субсидияланатын бөлігін уақтылы аударуды талап етуге құқылы.

9. Кепілгер/сақтандыру үйымы Жұмыс органына Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялауға арналған өтінім ұсынуға міндетті.

5-тaraу. Тараптардың жауапкершілігі

10. Осы шарт бойынша Тараптар осы шарттан туындаитын міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін осы шартқа және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

6-тaraу. Форс-мажорлық мән-жайлар

11. Егер, осы шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігі форс-мажорлық мән-жайлардың салдары болып табылса, Тараптар оларды орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

12. Форс-мажорлық мән-жайлар басталған кезде, осы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы мүмкін болмаған Тарап олар туындаған сэттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде мұндай мән-жайлар туралы екінші Тарапты уақтылы хабардар етуі тиіс. Бұл ретте, форс-мажорлық мән-жайлардың сипаты, әрекет ету кезеңі, басталу фактісі уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарымен расталуы тиіс.

13. Уақтылы хабардар етілмеген жағдайда, Тарап екінші Тарапқа хабардар етпеуден немесе уақтылы хабардар етпеуден келтірілген зиянның орнын толтыруға міндетті.

14. Форс-мажорлық мән-жайлардың басталуы осы шарттың орындалу мерзімін олардың қолданылу кезеңіне ұлғайтуға алып келеді.

15. Егер, мұндай мән-жайлар қатарынан үш айдан артық жалғасатын болса, онда Тараптардың кез келгені осы шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы.

7-тaraу. Қорытынды ережелер

16. Хат-хабар тиісті түрде ресімделсе (хат-хабар бланкінде берілген, басшының қолы қойылған және оның тіркеу нөмірі, күні бар болса, ол тиісті түрде ресімделген болып саналады), қолма-қол табысталса, қатысуышы Тараптың мекенжайына поштамен

немесе курьерлік байланыс арқылы жеткізілсе, ол тиісті түрде ұсынылған немесе жолданған болып саналады.

17. Осы шарт талаптарының, оның ішінде осы шарттың қолданылу мерзімінің кез келген өзгертілуі, тоқтатылуы, Жұмыс органы Кепілгерден/сақтандыру ұйымынан субсидиялау шартын өзгерту/бұзу үшін негіз болып табылатын оқиғаның болғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ресімделеді.

18. Осы Шарт бойынша туындайтын барлық наразылықтар Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы шартқа сәйкес қойылуы тиіс. Бұл ретте Тараптар дауларды, наразылықтарды міндетті түрде сотқа дейінгі тәртіппен шешу туралы уағдаласты. Барлық жағдайларда қолданылатын заңнама Қазақстан Республикасының заңнамасы болып табылады.

19. Осы шарт барлық Тараптардың үекілетті өкілдері қолдарын қойған күннен бастап күшіне енеді және субсидиялау графигіне сәйкес кепілдендіру/сақтандыру шарттары мерзімінің соңына дейін қолданылады.

20. Шарт мынадай жағдайларда бұзылады:

1) қарыз алушының немесе Кепілгердің/сақтандыру ұйымының субсидиялар алудан бас тарту туралы жазбаша өтініші;

2) қарыз алушының қарыз шарты бойынша кредит беруші алдындағы міндеттемелерін толық өтеуі;

3) қарыз алушының комиссияның/сақтандыру сыйақысының субсидияланбайтын бөлігін төлеу бойынша Кепілгер/сақтандыру ұйымы алдындағы міндеттемелерін орындауы;

4) кепілдендіру/сақтандыру шартын бұзу немесе тоқтату.

21. Осы шартта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

22. Осы шарт занды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде 6 (алты) данада, Тараптардың әрқайсысы үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде бір-бірден екі данадан жасалды.

23. Тараптардың мекенжайлары, банктік деректемелері, қолтаңбалары:

| | | |
|---------------|----------------------------|--------------|
| Жұмыс органы: | Кепілгер/сақтандыру ұйымы: | Қарыз алушы: |
|---------------|----------------------------|--------------|

Кол қойған қарыз алушы:

ЭЦҚ деректері _____

ЭЦҚ қою күні мен уақыты _____

Кол қойған кепілгер/сақтандыру ұйымы:

ЭЦҚ деректері _____

ЭЦҚ қою күні мен уақыты _____

Кол қойған жұмыс органы:

ЭЦҚ деректері _____

ЭЦҚ қою күні мен уақыты _____

АгроОнеркәсіптік кешен
субъектілерінің қарыздарын
кеңілдендіру мен сақтандыру
шешеберінде субсидиялау
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Ұсыныс

Қарыз алушы: _____

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі немесе
заңды тұлғаның толық атауы)

Кепілгер/сақтандыру үйымы: _____

(кеңілгедің/сақтандыру үйымының атауы)

Кімге: _____

(жұмыс органдының атауы)

1. Қарыз алушы туралы мәліметтер:

1.1 Атауы;

1.2 Бірінші басшысының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және ЖСН-сы;

1.3 ЖСН/БСН;

1.4 Байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық пошта
мекенжайы).

2. Кредит беруші туралы мәліметтер:

2.1 Атауы;

2.2 Бірінші басшысының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және ЖСН-сы;

2.3 ЖСН/БСН;

2.4 Байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық пошта
мекенжайы).

3. Қарыз туралы ақпарат:

3.1 Кредит (лизинг) сомасы;

3.2 Кредит беру валютасы (теңге/шетел валютасы);

3.3 Кредит беру мерзімі;

3.4 Кредиттің (лизингтің) нысаналы мақсаты.

4. Кепілгер/сақтандыру үйымы туралы мәліметтер:

4.1 Атауы;

4.2 Бірінші басшысының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және ЖСН-сы;

4.3 ЖСН/БСН;

4.4 Банктік деректемелері;

4.5 Байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық почтасының
мекенжайы).

5. Кепілдендіру/сақтандыру туралы ақпарат:

5.1 Жоспарланған кепілдендіру/сақтандыру мерзімі;

5.2 Жоспарланған кепілдендіру көлемі/сақтандыру сомасы (тенге/АҚШ доллары/евро);

5.3 Кепілдік бойынша комиссияның/сақтандыру сыйақысының жоспарланған мөлшері.

Осымен қарыз алушы мен кепіл беруші:

1) қарыз шарты қарыздарды кепілдендіруді көздейтін басқа мемлекеттік бағдарламаларға қатыспағанын, қазір және болашақта қатыспайтынын;

2) кепілдендіру/сақтандыру шартының жобасы АгроОнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларында белгіленген кепілдендіру/сақтандыру шарттарына қойылатын талаптарға сәйкес келетінін;

3) қаржылық берешегін қайта құрылымдау және жеделдетілген сауықтыру рәсімі жағдайларын қоспағанда, қарыз алушының қызметі ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту, тарату немесе банкротқа ұшырау сатысында тұрмағанын, сондай-ақ қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тоқтатылмағанын;

4) кепілдік бойынша комиссияның/сақтандыру сыйақысының бір бөлігін субсидиялаудан бас тартқан жағдайда, қарыз алушы кепілгерге/сақтандыру ұйымына комиссияның/сақтандыру сыйақысының субсидияланбаған бөлігінің қалдығын төлеуге міндеттенетінін мәлімдейді.

Кол қойған қарыз алушы:

ЭЦК деректері _____

ЭЦК қою күні мен уақыты _____

Кол қойған кепілгер/сақтандыру ұйымы:

ЭЦК деректері _____

ЭЦК қою күні мен уақыты _____

Ұсынысты қабылдау/қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама:

Бас тарту себебі _____

Қабылдаған жұмыс органды:

ЭЦК деректері _____

ЭЦК қою күні мен уақыты _____

АгроОнеркәсіптік кешен
субъектілерінің қарыздарын
кепілдендіру мен сақтандыру
шеңберінде субсидиялау
қағидаларына
4-қосымша

Кепілдендіру/сақтандыру шарттарына қойылатын талаптар

Кепілдендіру/сақтандыру шарты мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- 1) кепілдендіру/сақтандыру ол бойынша қаражат агроОнеркәсіптік кешен саласында пайдаланылған қарыз шарттары бойынша жүзеге асырылады;
- 2) жыл сайынғы кепілдік қөлемі қарыз шарты бойынша негізгі борыш/негізгі борыш бойынша қалдық сомасының 30 (отыз) %-ынан аспайды;
- 3) кепілдендіру шартының мерзімі 7 (жеті) жылдан аспайды;
- 4) мерзімін ұзарту құқығымен сақтандыру шарты;
- 5) сақтандыру сомасы кредит бойынша негізгі борыш сомасының 50 (елу) %-ынан аспайды;
- 6) сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру сомасының 30 (отыз) %-ынан аспайды.

АгроОнеркәсіптік кешен
субъектілерінің қарыздарын
кеңілдендіру мен сақтандыру
шеберінде субсидиялау
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Қарыз алушыны субсидиялау кестесі

АгроОнеркәсіптік кешен субъектісінің атауы _____

Субсидиялау шартының нөмірі, жасалған күні _____

Кредит берушінің атауы _____

Қарыз шартының нөмірі, жасалған күні _____

Қарыз шартының нысаналы мақсаты _____

Қарыз шартының сомасы, мың теңге _____

Қарыз шартының мерзімі, жыл _____

Жалпы сыйақы мөлшерлемесі, % _____

Кепілдік бойынша комиссияның/сақтандыру сыйақысының жалпы мөлшері (кредиттің бүкіл кезеңі үшін), теңге _____, оның ішінде:

1) агроОнеркәсіптік кешен субъектісінің төлеуі көзделетін кепілдік бойынша комиссияның/ сақтандыру сыйақысының мөлшері (кредиттің бүкіл кезеңі үшін), теңге _____;

2) Мемлекеттің төлеуі көзделетін кепілдік бойынша комиссияның/ сақтандыру сыйақысының мөлшері (кредиттің бүкіл кезеңі үшін), теңге _____.

| Жыл | Кепілдік бойынша комиссия мөлшері, теңге | Кепілдік бойынша комиссияның субсидияланатын бөлігі, теңге | Кепілдік бойынша комиссияның қарыз алушы төлейтін бөлігі, теңге |
|-------|--|--|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Жиыны | | | |

Қарыз туралы қосымша ақпарат (бар болса): _____

Кол қойған кепілгер/сақтандыру ұйымы:

ЭЦҚ деректері _____

ЭЦҚ қою күні мен уақыты _____

Кол қойған жұмыс органы:

ЭЦҚ деректері _____

ЭЦҚ қою күні мен уақыты _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК